

Куралай Елібайқызы Тәшпеннова^{1*}, Күлзат Қаниқызы Садирова²

^{1*} автор-корреспондент, докторант, Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ., ORCID: 0009-0001-4732-2598 E-mail: kuralai.tashpenova@mail.ru

²филология ғылымдарының докторы, профессор, Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ., ORCID: 0000-00016092-8191 E-mail: kulzat.sadirova.70@mail.ru

**ЦИФРЛЫҚ ДИСКУРС: ТІЛДІК СИПАТЫ
(ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ МӘТІНДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)**

Аңдатпа. Мақалада дискурсологиядағы жаңа бағыт саналатын цифрлық дискурс қарастырылған. Зерттеудің мақсаты – цифрлық дискурстың тілдік сипатын анықтау. Осыған сәйкес мақаланың негізгі бағыты – дискурсология, негізгі идеясы: интернет кеңістігінде орындалатын дискурс цифрлық дискурсқа жатқызылады, оның өзіне тән тілдік ерекшеліктері бар. Цифрлық дискурс – бұл интернеттегі тілдік қарым-қатынастың барлық формаларын, соның ішінде сайт, блог, әлеуметтік желідегі жазбалар ұғымдарын қамтитын термин. Ұсынылған мақалада цифрлық дискурстың тілдік сипаты Instagram, Facebook, Threads әлеуметтік желі материалдарын, цифрлық қарым-қатынас стилін талдау негізінде анықталды. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы зерттеу нәтижесінің дискурсология теориясын жаңа тұжырымдармен толықтыруымен, практикалық маңыздылығы әлеуметтік желі материалдарына дискурстық талдау жасау үлгісінің осындай бағыттағы өзге жұмыстарға пайдалануға жарамдылығымен анықталады. Зерттеу әдіснамасын цифрлық дискурсқа қатысушылардың Instagram, Facebook, Threads-тегі тілдік қолданыстары мен стилін танытатын материалдарды талдауда пайдаланған лексика-семантикалық және дискурстық талдау әдістері құрайды. Зерттеудің негізгі нәтижелерімен талдау: 1) цифрлық дискурстың тілдік сипаты, негізінен, арнайы символдық таңбалар жұмсалыуымен, мысалы: #хэштег, эмодзилер, пост фонын таңбалау (обложка) ерекшеленеді; 2) цифрлық дискурстың лексикалық және грамматикалық ерекшеліктері: қысқартулар, инверсия, сөздерді созып қолдану, әріптердің түсіп қалуы, тіл шұбарлануы т.б. Зерттеу жұмысының қорытындылары: цифрлық дискурс – өзіндік тілдік ерекшелікке ие, интернет кеңістігінде интерактивті жүзеге асатын, қоғамға ықпалы зор және нәтижесі цифрлық мәтінде таңбаланатын сөйлеу әрекеті. Жүргізілген зерттеудің құндылығы дискурсология метатілін дамытуға қосқан үлесімен (цифрлық дискурс, цифрлық мәтін т.с.с.) анықталады. Жұмыс қорытындысының практикалық маңызы: цифрлық дискурстағы тілдік қолданыстар мен коммуникациялық стиль ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың мәдени үдерістерге ықпалы мен әлеуметтік маңызын талдау барысында алынған нәтижелерді лингвистикалық бағыттағы зерттеулерде қолдануға болады.

Тірек сөздер: интернет кеңістігі; әлеуметтік желі; коммуникация; цифрлық дискурс; тілдік қолданыстар

Сілтеме жасау үшін: Тәшпеннова Қ.Е., Садирова К.Қ. Цифрлық дискурс: тілдік сипаты (әлеуметтік желі мәтіндері негізінде). *Tiltanym*, 2026. №1 (101). 206-221-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-206-221>

Куралай Елибайқызы Ташпеннова^{1*}, Кульзат Каниевна Садирова²

^{1*} автор-корреспондент, докторант,

Актюбинский региональный университет имени Кудайбергена Жубанова, Казахстан, г. Актөбе, ORCID: 0009-0001-4732-2598 E-mail: kuralai.tashpenova@mail.ru

²доктор филологических наук, профессор,

Актюбинский региональный университет имени Кудайбергена Жубанова, Казахстан, г. Актөбе, ORCID: 0000-00016092-8191 E-mail: kulzat.sadirova.70@mail.ru

**ЦИФРОВОЙ ДИСКУРС: ЯЗЫКОВАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА
(НА МАТЕРИАЛЕ ТЕКСТОВ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ)**

Аннотация. В статье рассматривается цифровой дискурс как новое направление в дискурсологии. Цель исследования – определить языковую характеристику цифрового дискурса. В соответствии с этим основное направление статьи – дискурсология, основная идея заключается в том, что дискурс, осуществляемый в интернет-пространстве, относится к цифровому дискурсу и обладает присущими ему языковыми особенностями. Цифровой дискурс – это термин, охватывающий все формы языковой коммуникации в интернете, включая такие понятия, как сайт, блог, публикации в социальных сетях. В представленной статье языковая характеристика цифрового дискурса была определена на основе анализа материалов социальных сетей Instagram, Facebook, Threads, а также стилия цифровой коммуникации. Научная значимость работы определяется тем, что результаты исследования дополняют

теорию дискурсологии новыми выводами, практическая значимость заключается в возможности использования предложенной модели дискурсивного анализа материалов социальных сетей в других исследованиях данного направления. Методологическую основу исследования составляют лексико-семантический и дискурсивный методы анализа, применённые при изучении материалов, отражающих языковое употребление и стиль участников цифрового дискурса в Instagram, Facebook, Threads. Основные результаты исследования и анализа: 1) языковая характеристика цифрового дискурса прежде всего отличается использованием специальных символических знаков, например: #хэштегов, эмодзи, маркировки фона поста (обложки); 2) лексические и грамматические особенности цифрового дискурса: сокращения, инверсия, растягивание слов, выпадение букв, смешение языков и др. Выводы исследования: цифровой дискурс – это речевая деятельность, обладающая собственными языковыми особенностями, реализуемая интерактивно в интернет-пространстве, оказывающая значительное влияние на общество и фиксируемая в цифровом тексте. Ценность проведённого исследования определяется его вкладом в развитие метаязыка дискурсологии (цифровой дискурс, цифровой текст и др.). Практическая значимость результатов работы заключается в возможности их применения в лингвистических исследованиях при анализе особенностей языкового употребления и коммуникативных стилей в цифровом дискурсе, а также при изучении их влияния на культурные процессы и социальную значимость.

Ключевые слова: интернет-пространство; социальная сеть; коммуникация; цифровой дискурс; языковые употребления

Для цитирования: Ташпеннова К.Е., Садирова К.К. Цифровой дискурс: языковая характеристика (на материале текстов социальных сетей). *TiltanyM*, 2026. №1 (101). С. 206-221. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-206-221>

Kuralai Tashpenova^{1*}, Kulzat Sadirova²

^{1*}Corresponding Author, Doctoral Student, Kudaibergen Zhubanov Aktobe Regional University, Kazakhstan, Aktobe, ORCID: 0009-0001-4732-2598 E-mail: kuralai.tashpenova@mail.ru

²Doctor of Philological Sciences, Professor, Kudaibergen Zhubanov Aktobe Regional University, Kazakhstan, Aktobe, ORCID: 0000-00016092-8191 E-mail: kulzat.sadirova.70@mail.ru

DIGITAL DISCOURSE: LINGUISTIC CHARACTERISTICS (BASED ON SOCIAL MEDIA TEXTS)

Abstract. The article examines digital discourse as a new direction in discourse studies. The aim of the research is to determine the linguistic characteristics of digital discourse. Accordingly, the main focus of the article is discourse studies, and its core idea is that discourse carried out in the Internet space belongs to digital discourse and possesses its own specific linguistic features. Digital discourse is a term that encompasses all forms of linguistic communication on the Internet, including websites, blogs, and social media posts. In the present article, the linguistic characteristics of digital discourse were identified through the analysis of materials from the social networks Instagram, Facebook, and Threads, as well as the style of digital communication. The scientific significance of the work lies in the fact that the research findings contribute new conclusions to the theory of discourse studies; its practical significance is determined by the applicability of the proposed model of discourse analysis of social media materials to other studies in this field. The research methodology consists of lexical-semantic and discourse analysis methods used in examining materials that demonstrate the language use and stylistic features of participants in digital discourse on Instagram, Facebook, and Threads. The main research findings and analysis show that: 1) the linguistic characteristics of digital discourse are primarily distinguished by the use of special symbolic signs, such as #hashtags, emojis, and post background marking (cover); 2) the lexical and grammatical features of digital discourse include abbreviations, inversion, word elongation, omission of letters, code-mixing, etc. The conclusions of the study indicate that digital discourse is a type of speech activity characterized by specific linguistic features, implemented interactively in the Internet space, having a significant impact on society, and represented in digital text form. The value of the conducted research is defined by its contribution to the development of the metalanguage of discourse studies (digital discourse, digital text, etc.). The practical significance of the results lies in their potential application in linguistic research to analyze the features of language usage and communicative styles in digital discourse, as well as their impact on cultural processes and social significance.

Keywords: internet space; social networks; communication; digital discourse; language use

For citation: Tashpenova, K., Sadirova, K. Digital Discourse: Linguistic Characteristics (Based on Social Media Texts). *TiltanyM*, 2026. No.1 (101). Pp. 206-221. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-206-221>

Қысқашы

«Дискурс» термині «коммуникация» мен «мәтін» терминдерімен сабақтасып түсіндіріледі. Себебі дискурс анықтамаларында «тілдік қарым-қатынастағы сөйленген сөз не жазылған мәтін» мен оны түзушілер мен қабылдаушылардың қай уақытта, қандай жағдайда айтқаны не жазғаны, коммуниканттардың психологиялық күйі мен физиологиялық ерекшеліктері, әлеуметтік

деңгейлері т.с.с. экстралингвистикалық факторлар қоса есепке алынатындығы айтылады. Ал «коммуникация» терминіне зерттеушілер әртүрлі анықтама беріп келеді. Көбісі оны технология мен техниканың жарыққа шығуымен байланыстырса, енді бірі «индустриалдық революциямен» ұштастырады, тіпті кейбірі бұқаралық ақпаратпен байланысты екендігін алға тартып, «байланысу мен тілдесудің тәсілі» ретінде баға береді. Америкалық зерттеуші ғалымдар М.Л. Дефлер мен С.Дж. Болл-Рокич коммуникацияны дұрыс жүзеге асыру өркениеттің дамуымен байланысты болады дей келе, «бұл дабыл қағу, сөйлеу, хат, баспа ісі, коммуникацияның дамуын ажырата білу дәуірі болды», – деп көрсетеді (Дефлер, Болл-Рокич, 1989: 18).

Цифрлық технологияның дамуы бүкіл әлемдегі қоғамдық коммуникация саласын айтарлықтай өзгертті (Khin, Но, 2019). Интернет және әлеуметтік медиа жеке адамдар мен топтардың пікір білдіруінің, әлеуметтік әңгімелер құруының және саяси пікірталасқа қатысуының негізгі құралына айналды (Longstreet, Brooks, 2017). Қазіргі күні адамның әлеуметтік өмірінің көп бөлігі интернет кеңістігіне ауысты және цифрлық технологиялар негізінде жедел коммуникация қарқынды жүріп жатыр. Осының нәтижесінде пайдаланушылардың жеке өмірімен қатар кәсіби, отбасы және қызметі ортасындағы қарым-қатынас кеңістігі ұлғайып, жариялық пен ашықтық жалпылама сипатқа ие бола бастады. Байланыс құралдарының (компьютер, ұялы телефон, планшет) көмегімен жүзеге асатын коммуникация үдерісі қарым-қатынастың мазмұнына, табиғатына, хабар жеткізуге, ақпаратты қабылдауға тікелей әсер етіп, тың ғылыми тұжырымдарды тудыруға мүмкіндік беріп отыр. «Батырма мәдениеті» кеңістігінде адамның жаңа түрі – «виртуалды адам» түсінігі жарыққа шықты. Хаттар («біреуге бірдеңе хабарлау үшін жіберілген жазбаша мәтін») (Ожегов, 1987: 750) тұлғалар арасындағы хабарды жеткізу және коммуникацияны жүзеге асыру құралы ретінде бұрыннан қолданылып келеді. Қазіргі мұндай өзара әрекеттесудің басым бөлігі интернет кеңістігінде жүзеге асып отыр және оны мақсатқа сай қолдану барысында көптеген платформалар, бағдарламалар, техникалық құралдар пайдаланылады.

Бүгінгі күні цифрлы орта әрдайым қозғалыста болатын, бұрын болмаған қасиеттерге ие күрделі әрі өз-өзін ұйымдастыра алатын байланысу ортасы атанды. Осы тұстағы технологиялық құралдарды пайдалану қажеттілігі басқа коммуникантпен байланысу үшін ғана емес, сонымен қатар адресат дәл сол жерде, сол уақытта нені ойлайтынын, не істейтінін, нені сезінетінін, не тыңдайтынын, тіпті не жария еткісі келетінін және өз тәжірибесін бөлісуге, сол арқылы қоғамда өзіндік «менін» дәлелдеуге тырысқан ұмтылысымен тығыз байланысты болып отырғандығын жоққа шығаруға болмайды. Сонымен техникалық жаңалықтардың тиімділігі және олардың белгілі бір өзгерістерге ұшыраған әлеуметтік қатынастар мен қазіргі заманғы коммуникация қызметіндегі өзгерістері виртуалды кеңістікте қарым-қатынастың жаңа түрлерінің қолданысқа енуі жайында толығырақ айтуға мүмкіндік беріп отыр.

Қазақ тіл білімінде цифрлық кеңістіктегі қарым-қатынастың тілдік ерекшеліктері тілдік санаға, қоғамдық қарым-қатынас мәдениетіне әсерін зерттеу заманға сай қалыптасқан тілдік үдерістерді түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу *тақырыбының таңдалуы* осы айтылғандармен байланысты. Зерттеу *мәселесінің өзектілігі* цифрлық дискурстың қазіргі ақпараттық қоғамда тек тілдік қарым-қатынас құралы ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастырушы, идеология таратушы факторға айналып отырғанымен, оның тілдік, прагматикалық, стильдік сипатының, жанрлық құрылымының кешенді зерттелуінің жеткіліксіздігімен анықталады. *Зерттеудің мақсаты* – цифрлық дискурстың тілдік сипатын анықтау. Бұл зерттеу тіл дамуының қазіргі бағытын саралауға септігін тигізеді деп ойлаймыз. Зерттеу мақсатына қол жеткізудегі *міндеттер*: цифрлық дискурс терминінің анықталуын және теориялық негіздерін талдау, қазақ тіліндегі цифрлық ортадағы мәтіндердің тілдік сипаттамасын беру, цифрлық дискурстың тілдік нормаға әсерін талқылау. Осы мақсат-міндеттерді шешуге Instagram, Facebook, Threads платформасынан қазақ тіліндегі жазбалар мен пікірлер жинақталып, оларға лингвистикалық талдау жасалды. Жинақталған жазбалардағы тілдік таңбалардың сипаты, стильдік ерекшеліктері нақты зерттеу материалы ретінде пайдаланылды.

Материал және әдістер

Мақала жазу барысында дискурс, интернет дискурс және саяси-мәдени дискурс мәселелерін зерттеген отандық (К.К. Кенжеканова, О. Ошанова, Д. Қалибекұлы, А. Елешева, А.Д. Серікбаева) және шетелдік ғалымдардың (И.Н. Галичкина, Л.Ю. Щипицина, А.А. Бекетова) ғылыми мақалалары мен еңбектеріндегі тұжырымдар ескерілді. Цифрлық коммуникацияның тілдік аясын анықтау мақсатында тілдік материал ретінде әлеуметтік желілердегі мысалдар қарастырылды. Зерттеу жұмысының негізгі дереккөзі ретінде Instagram, Facebook, Threads әлеуметтік желілерінің әрбірінен 10 жазба (пост), барлығы 30 мәтін және оларға жазылған 3000 пікір (комментарий) (Instagram-нан 1000, Facebook-тен 1000, Threads-тен 1000) мәтіні пайдаланылды. Дәл осы қарым-қатынас алаңдарын таңдау себебіміз мынадай: қазақ тілді оқырмандар бұл желілерді кеңінен қолданады әрі аталған желілер халық арасында әлеуметтік, саяси мәселелерді жариялауымен танымал. Сонымен қатар таңдалып отырған платформаларды пайдаланушылардың мақсаты мен жас ерекшеліктерінде де, соған сәйкес тілдік қолданыстарында да айырмашылық байқалады, бұл цифрлық дискурстың тілдік сипатын анықтау мүмкіндігін арттырады. Зерттеу барысында жазбаларды таңдауға негіз болған өлшем: посттың әлеуметтік желі қолданушыларының әртүрлі қабылдауына ие болуы, олардың әлеуметтік көңіл күйіне әсер етуі.

Комментарийлерді іріктеуде олардың бір постқа жазылған саны (500-ден жоғары болуы) негізге алынды. Осы талаппен таңдалған мысалдар (оқырман пікірі) іріктеліп, сипаттау, жүйелеу, лексика-семантикалық, мәтінді дискурстық талдау әдісімен талданды. Лексика-семантикалық талдау әдісін цифрлық дискурстың тілдік сипатын ерекшелейтін бірліктердің (*фейк, кибербуллинг, агрессия, қара пиар, #хэштег, эмодзилер, пост фонын таңбалау (обложка)*) мағыналарын түсіндірме, синонимдік, фразеологиялық сөздіктерді пайдаланып анықтауда қолдандық, талдауға алынып отырған цифрлық мәтіндерді дискурстық тұрғыдан талдауда тіл формасы мен қызметі қарастырылды. Бұл зерттеу әдістері цифрлық мәтіндер арқылы цифрлық дискурстың тақырыптық, тілдік, құрылымдық ерекшелігін негіздеуге мүмкіндік береді.

Зерттеуді дискурс, цифрлық дискурс мәселелерін талдаған ғылыми теориялық зерттеулерді оқып, зерделеуден бастап, зерттеу нысанына сай Instagram, Facebook, Threads платформасынан кеңінен танылған, оқырмандар тарапынан талқыланған пост мәтіндерін жинаумен жалғастырдық, жиналған материалдарды лексика-семантикалық, дискурстық талдау әдістерімен талдап, сипаттап, соңғы зерттеу кезеңінде алынған мәліметтерді жүйелеп, ғылыми нәтижелерді тұжырымдадық. Зерттеу *болжамымыз*: цифрлық дискурс – қоғамдағы тілдік қарым-қатынастың ерекше сипаттағы жаңа формасын танытатын дискурстық кеңістік, оның өзіне тән тілдік құрылымы бар, ол дәстүрлі тілдік нормаға әсер етіп, тіл дамуының жаңа бағытын қалыптастырып жатыр.

Әдебиетке шолу

Қазіргі тіл білімінде «дискурс» ұғымы терең зерттеліп жүргені аңғарылады. Д. Әлкебаева *дискурсты* нақты айтылған сөз мағынасымен сәйкестендіреді және мағыналық-ақиқаттық мазмұнымен қатар экстралингвистикалық факторларымен жүйеленетін сөйлесімдер (Әлкебаева, 2007: 19) екендігін алға тартады. Ж. Кеншінбаева қолданыстағы мәтінді дискурс деп есептеп, нақты коммуникативтік қарым-қатынас орнағандағы сөйлеу тілінің қызметі дискурсты жүзеге асырады деп санайды (Кеншінбаева, 2005: 3). Н. Уәли дискурстың құрылымдары («фреймі – «автор», «сөз актісі» – «адресат» және сөз жағдаяты») болатынын әрі ол «коммуникативтік уақиғаға» негізделгендігін айтады (Уәли, 2007: 28). А.А. Кибриктің пікірінше, коммуникация мен мәтіннің қосындысы дискурсты құраса (Кибрик, 2002: 307), Г.Г. Бүркітбаева мәтін және интеракцияға қатысушылар мен коммуникативтік жағдаят қосылғанда ғана дискурсты туындатады деп есептейді (Бүркітбаева, 2005: 57). Осы анықтамаларға сүйене отырып, *дискурсты* белгілі бір уақытта, нақты орында, белгілі бір коммуниканттардың (адресант пен адресат) сөз жағдаятын ескере отырып, когнитивтік, тілдік, аялық білімдерін қолдану арқылы жүзеге асатын мақсатты түзілген сөйлесу әрекеті деп түйіндеуге болады. Аталған тұжырымға сәйкес дискурс құрылымының бірнеше сипаты бар екенін байқаймыз: нақты орны, уақыты бар және коммуниканттар арасында жүзеге асатын әрекет деп түсінеміз. Басқаша айтқанда, «оқиға

қайда, кіммен, қалай жүзеге асты?» деген сұрақтарға жауап бергенде ғана дискурс толық орындалады және өз мақсатына жетеді деп түйіндейміз. Дискурстың жанрлық ерекшеліктері де дискурстың қай орында, қай уақытта, кімдермен, қалай өткендігіне қарай ажыратылады. Мәселен, оқытушы мен студент немесе мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас оқу орнында, мектепке жүзеге асады, соған сай сабақ дискурсы туындайды. Осындай сипаттарын басшылыққа ала отырып, дискурстың басқа да түрлері (саяси дискурс, газет дискурсы, кинодискурс, интернет дискурсы, цифрлық дискурс және т.б.) жіктеліп беріліп жүр. Осы ғылыми зерттеуде цифрлық дискурс термині қолданылды, оның мазмұнына интернет кеңістігінде жүзеге асқан дискурс түрлері кіреді, цифрлық коммуникацияның тілдік сипатын, өзіндік ерекшелігін жан-жақты қарастыруға ұмтылды.

Қазақ ғалымдары қазақ тіліндегі дискурс талдаудың әдіснамалық негіздерін қалыптастырып, интерактивті коммуникация, сөйлеу жанрлары, дискурстық құрылымдардың қалыптасу заңдылықтары сияқты мәселелерді зерттеп жүр. Ғалым Б. Қалиев дискурстың когнитивтік және прагматикалық қырларын сипаттап, қазақ тіліндегі ресми, бейресми, ғылыми және бұқаралық дискурстардың ерекшеліктерін анықтаса (Қалиев, 2011: 8-14), А. Фазылжанова, А. Аушеновалар қазақтілді цифрлық ортада қазіргі әлеуметтік желі қолданушыларының тілдік ерекшеліктерін, күзиреттілігін, тілдік сипатын қарастырады (Фазылжанова, Аушенова, 2017: 466-473).

Цифрлық дискурс – бұл интернеттегі тілдік қарым-қатынастың барлық формаларын қамтитын кең ауқымды түсінік. Оған әлеуметтік желілердегі жазбалар, форумдардағы пікірталастар, блогтар, чаттар, электронды хаттар және басқа да цифрлық коммуникация формалары жатады. Яғни, цифрлық коммуникацияда ауызша да, жазбаша да сөйлесу әрекеті қатар жүреді. И.Н. Галичкина интернет дискурсын сөйлесудің ерекше формасы ретінде қарап, бірнеше белгілерін атап көрсетеді: электрондық сигнал байланыс арнасы ретінде; қашықтық – кеңістік пен уақытқа қатысты бөлінуі және бір мезгілде синхронды жүзеге асуы; виртуалдық – анықталмаған топпен, белгісіз әңгімелесушілермен байланыс жасау; өткізгіштіктің жоғары көрсеткіші (кез келген қолданушы компьютерлік байланыстың пайдаланушысы бола алады); жанама жүзеге асуы, креолизациялану (жанрлық араласу); гипермәтінділік; байланысқа қатысушылардың мәртебелік теңдігі; әртүрлі дискурс түрлерінің үйлесімді қолданылуы; эмоция мен сезімді білдіру үшін «смайликтердің» қолданылуы; спецификалық компьютерлік этиканың сақталуы (Галичкина, 2011). А.А. Бекетова осы қатарға анонимділік сипатты қосады. Оның ойынша, бұл интернет қолданушыларға еркіндік береді (Бекетова, 2017). А.Д. Серікбаева анонимділік сипатымен қоса рөлдік икемділікті қатар қояды: «интернет пайдаланушылары шынайы тұлғаларын жасырып, лақап ат (никнейм) қолдана алады. Бұл олардың өзін еркін сезінуіне немесе керісінше, жасырын пікір білдіруге жағдай жасайды (троллинг, хейт, фейк)» (Серікбаева, 2025). Л.Ю. Щипицина бұған қоса гипермәтінділігін (дауыс, видео, анимация, графикалардың бір өнімде тоғысуы); интерактивтілігін (оқырманның компьютерлік бағдарламалар мен электронды ресурстардың тақырыптық бағытына, мазмұнына, сыртқы көрінісіне әсер ету, сөйлесушімен байланыс құру және қарым-қатынас барысында ойын ұғу, өз пікірін білдіру қабілеті); синхрондылығын (қарым-қатынас онлайн, офлайн форматта өтуі), коммуниканттардың мәртебесін сөз етеді (Щипицина, 2009).

Интернет кеңістігінде орындалатын цифрлық дискурстың негізгі ерекшеліктерін жоғарыда айтылған тұжырымдарға сай былайша жинақтап беруге болады деп ойлаймыз:

1. Тілдік қарым-қатынастың эмоцияға ықпалын арттырып, қабылдауын жеңілдететін мәтін, бейне, дыбыс және графика элементтері цифрлық дискурста біріктіріледі. Осыған сай цифрлық дискурс *мультимодальды* сипатқа ие болады.

2. Цифрлық ортада аудитория мен контент жасаушылар арасындағы өзара әрекеттесу мүмкіндігі көп. Пайдаланушылар пікір қалдырып, контентті талқылай алады, бұл тілдік қарым-қатынастың демократиялық сипатта болуына ықпал етеді. Осыдан цифрлық дискурстың *интерактивтілігі* туындайды.

3. Цифрлық дискурс интернет арқылы тез таралады, сондықтан ол *жылдамдығымен* ерекшеленеді.

4. Цифрлық дискурс интернетте жүзеге асатындықтан, тілдік қарым-қатынасқа қатысушылар өздерінің шынайы деректерін жасыруы мүмкін, бұл оның тағы бір ерекшелігін – *анонимділік* сипатын туғызады. Осы арқылы цифрлық дискурста еркін пікір алмасу мүмкіндігімен қоса, қарым-қатынасқа түсушілер тарапынан жауапсыздық, дәрекілік, тіпті ашуыза, қоқан-лоқы көрсету де орын алады. Бұл цифрлық дискурстың қоғамдық қарым-қатынасқа оң не теріс ықпал етуін туғызады, ал ол ықпал цифрлық дискурс нәтижесінде түзілген мәтін бірліктерінде таңбалаанады.

Цифрлық технологиялардың дамуы қазіргі қоғамның коммуникациялық құрылымын түбегейлі өзгерткен. Әсіресе, интернеттің кең таралуы әлемдегі ақпараттық алмасу мен әлеуметтік өзара әрекеттесу тәсілдерін жаңа деңгейге көтерді. Цифрлық дискурс – бұл интернет платформаларында пайда болатын тілдік қатынастар жиынтығы. Ол тек ақпарат алмасу мен коммуникацияның жаңа формаларын ғана емес, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік және саяси үдерістердің дамуын да қамтиды. Осы орайда америкалық философ Майкл Хейм цифрлық дискурсты коммуникация мазмұнының қозғалыс формасы тұрғысынан қарастыру қажеттігіне тоқталады. Ғалымның пікірінше, субъективті позицияның жаңа типі осы үдеріс барысында ғана туындайды (Хейм, 1997).

Соңғы онжылдықта интернет-коммуникацияның жедел дамуы әлеуметтік коммуникация түрлерін, әдіс-тәсілдерін айтарлықтай өзгертті. Цифрландыру үдерісі коммуникацияның қалыптасқан ауызша түрлерінен (бетпе-бет сөйлесу, телефонның көмегімен сұхбат құру, конференция, көпшілік алдында сөйлеу және т.б.) жазбаша және ауызша қарым-қатынас түрлеріне (чат-боттар, әлеуметтік желілер, форумдар, блогтар, микроблогтар, интернет-конференциялар, қашықтықтағы семинарлар, интернет-хабарламалар т.б.) ауысты. Бұл дегеніміз – жаңа сөйлесу тілін (жазбаша айтылым тілін) тудырды. Коммуникацияның жаңа үрдістері барлық әлемдегі коммуникациялық стратегияларға біртіндеп еніп жатыр әрі бұл үдеріс қалыпты жағдайға айналып үлгерді. Мұндай әрекет коммуникативті мінез-құлықтың өзгеруін тудырары сөзсіз: ендігі жерде айтушы өз пікірін, ойын шама келгенше анық әрі қысқа және өз интонациясын, сезімін, көңіл-күйін жеткізу мақсатында нені айту керектігін емес, нені жазу керектігін бірінші ойлануы қажет. Басқаша айтқанда, сөйлем құру барысында сөздерді, тыныс белгілерін және эмотикондарды дұрыс қолдануы тиіс. Осы тұрғыдан А.А. Баркович: «Виртуалды форматтың мәтіндік мүмкіндіктері тілдің лексикалық, грамматикалық және стилистикалық вариативтілігін едәуір кеңейтті. Ғаламторда жаргон, аббревиатура, акроним, портманто, смайликтердің көп қолданылуы кездейсоқ емес. Алайда, олардың интернет желісінде біркелкі дискурстық қолданыс табуы тіл жүйесінің бірлігіне нұқсан келтіре алмайды» (Баркович, 2015: 288), – деп тұжырымдайды.

Интернет барлық әлемдегі қолданушыларға бір-бірімен тез арада байланысуға септігін тигізді және бір-бірімен хабар алысу, ақпарат бөлісу тұрғысынан төңкеріс жасай білді. Дегенмен бұл үрдістің пайдалы тұсымен қатар зиянды жағы да бар екендігіне көз жеткізіп келеміз, яғни қазіргі күні интернет зиян тигізу ықпалын да арттырып отыр. Мысалы, жек көрушілік пен зорлық-зомбылық, ұрлық жасау, қиянат келтіру сынды зиянды әрекеттер жөнінде хабарламалар әлеуметтік желілерде бұрын болмаған жаңа тәсілдер арқылы тез таралуда және күннен күнге күшейіп отыр. Бұл мәселені О. Ошанова, Д. Қалибекұлы, А. Елешевалар «Цифрлық коммуникациядағы өшпенділік тілі және оны құқықтық реттеу» атты ғылыми мақаласында ашып көрсетеді (Ошанова, Қалибекұлы, Елешева, 2023: 28). Интернет-дискурстың теріс әсерін туғызатын себептердің бірі – коммуникацияға қатысушының анонимділігі. Анонимділігі мен интерактивтілігі интернеттегі агрессия мен кибербуллингтің таралуына алып келеді. *Кибербуллинг* – бұл цифрлық технологияларды пайдалана отырып қорқыту және қинау. Ол әлеуметтік медида қолданылады, хабарлама алмасу үшін қосымшаларда, ойын платформаларында және ұялы телефондарда да орын алуы мүмкін (<https://www.gov.kz/situations/316/810>). Бұл мәселелер жастар мен балалар үшін әсіресе қауіпті болмақ. Фейк жаңалықтар мен дезинформацияның таралуы қоғамдық пікірді бұрмалауға, саясаткерлердің беделіне нұқсан келтіруге, тіпті әлеуметтік дүрбелеңге себеп болуы мүмкін. *Фейк* – 1) жасанды, жалған зат; 2) жасанды зат, әдетте арнайы редакторлық

бағдарламалар көмегімен өзгертілген сандық фотоны немесе бейне файлдарды атау үшін пайдаланылады. *Фейк-нюс* – оқырмандарды тарту мақсатында немесе белгілі бір тақырып аясында саяси және қоғамдық дүрлігу туғызу үшін бұқаралық ақпарат құралдары ұсынатын тексерілмеген, жалған ақпарат (Құрманбайұлы, Исакова, Мизамхан, 2019). Бұл аталған терминдер цифрлық дискурста адамның эмоциялық күйзеліске, депрессия мен әлеуметтік оқшаулануға ұшырауының себептерін таңбалайды. Әлеуметтік желілерде өзіндік имиджді қалыптастыру үшін бәсекелестік сезімі адамдарды күйзеліске ұшыратуы мүмкін екендігін психологтар да атап көрсетіп жүр.

Цифрлық дискурс қоғамдық қатынастар мен мәдени үдерістерге де елеулі әсер етеді. Ол ақпараттың жылдам әрі кең көлемде таралуын қамтамасыз ететіндігін жоғарыда айтып өттік. Бұл, әсіресе, әлеуметтік мәселелер мен саяси қозғалыстарды қозғауда маңызды рөл атқарады. Мысалы, әлеуметтік желілерде *#хештегпен* берілетін қолданыстар тез тарайды әрі белгілі бір мәселе немесе оқиға туралы хабар таратады. Соңғы уақыттарда әлеуметтік желіні шулатқан 16 жасар Шерзаттың қазасы туралы барлық ақпарат *#зашерзата хештегіне* таңылған. Іздеу бағанасына аталған хештегті жазар болсаңыз, 1000-ға жуық мәлімет шығады, оқиғаның бүгешүгесіне дейін, кімдердің қалай ақпарат таратып жатқанын білуге болады. Осы сияқты қозғалыстардың пайда болуы әрі оның хештегпен жылдам таралуы қоғамдық санада үлкен өзгеріс туғызбай қоймайды.

Саяси коммуникацияның дамуына да бұл дискурс түрінің ықпалы зор. Цифрлық дискурс саясаткерлер мен азаматтар арасындағы байланысты нығайтады. Саяси науқандар кезінде әлеуметтік желілердің рөлі артып, кандидаттар өз идеяларын тікелей электоратқа жеткізеді. Дегенмен фейк жаңалықтар мен манипуляциялардың таралуы саяси дискурста теріс әсер етуі де ықтимал. *Манипуляция* – (франц. manipulation – уысында ұстау) қандай да бір көздеген айлалық мақсатқа жету үшін фактілерді бұрмалап, қулыққа, айлакерлікке бару; арамдықпен мұратқа жетушілердің жасайтын әрекеті (Саяси-түсіндірме сөздік, 2007). *Манипуляция* – басқа адамдардың мінез-құлқын немесе түсінігін жасырын, алдау және зорлық-зомбылық тактикасы арқылы өзгертуге тырысуды білдіретін әлеуметтік-психологиялық құбылыс (Уоллейс, 2019).

Мәдениетаралық коммуникацияға да интернет кеңістігіндегі цифрлық дискурстың әсері бар. Әртүрлі мәдениет өкілдері арасында пікір алмасу, тәжірибе бөлісу мүмкіндіктері артады, мәдени қарым-қатынасты жеңілдетеді. Интернет-дискурс ақпараттық сауаттылық пен сын тұрғысынан ойлауды талап етеді. Бұлай дейтін себебіміз, интернетте жалған (фейк) ақпараттар көп болады. Әсіресе, танымал әншілер мен әртістер туралы фейк мәліметтер тез таралып кетеді. Қолданушылардың көбі мұны әдейі ойластырылған пиар деп есептейді. «*Қара пиар*» белгілі бір тұлға немесе нысанның имиджін түсіру мақсатында құрастырылады, алайда қазіргі қолданыста керісінше, танымалдығын арттыру мақсатында қолданылып жүр. *Пиар* – (ағыл. public relations) қоғамдық пікір қалыптастырудағы әрекет, жасанды белсенділік; тұлға, тауар, компания, оқиға туралы қоғамдық пікірді қалыптастыру не жарнамалау (Құрманбайұлы, Исакова, Мизамхан, 2019). Пиар сөзі ағылшын тілінен қысқартылып алынған «public relations/ PR». «Қоғаммен байланыс (PR) – бұл жеке тұлғаның немесе ұйымның (мысалы, бизнестің, мемлекеттік мекеменің немесе коммерциялық емес ұйымның) жұртшылықтың қабылдауына әсер ету мақсатында ақпаратты басқару және тарату тәжірибесі» (Grunig, Hunt, 1984). Сондықтан желіні пайдаланушыларының цифрлық дискурста түсуінде қабылдайтын ақпаратының шынайы не жалған екенін ажырата білуі олардың білім деңгейіне ғана емес, тілдік және коммуникативтік, дискурстық құзыреттіліктеріне де байланысты болады. Цифрлық дискурста бұл коммуниканттардың тілдік қолданыстарынан, коммуникативтік стратегияларынан анық байқалады. Біз осы айтылғандарды зерттеу мақсатымызға сай төмендегі жазбаларды талдау арқылы дәйектеуге тырысамыз.

Нәтижелер мен талқылау

Instagram әлеуметтік желісінде Астанадағы Sport city (сол жағалау) тұрғын үй кешенінде болған оқиғаның бейнебақылауға түскен сәті жарияланған. Белгісіз ер азаматтың бейтаныс әйелге пышақ тақаған видеосы 2 млн 400 мың қаралым жинап, 4538 пікірге ие болған (https://www.instagram.com/reel/DDZS4SLtia_/?igsh=cmI0cmlvcTRtNXFv). Оқырманның барлығы

дерлік «масқара, Алла сақтасын, аурума ужас енді лифткеде міне алмайтын болдықпа құдай сақтады лифттен аман-есен шыққан қызды», «Қазіргі еркектер хайуаннан бетер болып барады зой, жүрегім қысылып телефонның арғы жағынан мен қорқып кеттім ана әйелдің қандай күй кешкенін айта алмаймын», «лифттан шығып кеткенше жүрегім қысылып қалды зой (бетін басқан смайлик) пышағы да ұзығын екен Құдай сақтасын», «женский мужской купе деген шықты поезддарда. Теперь требуем женский (детям 2в1) лифт и мужской лифт отдельно, осыдан былай құрылысшылар соны ескеріп үй салса екен деймін. Ато бұл болмайды екен балаларымыз тұрмақ өзіміз лифтке кіруден қорқып қалдық», «Пышақ ұстап алған ба? Құдай сақтады ана әйелді!!! Таза мал екен зой... мына жемтік неме...», «дәлел көрініп тұрған жоқпа. Бұл қақпастарға барлығын бір жерге жинап өртеп жіберу керек. Кішкентай балдар, жас бадар жазығы жоқ адамдар өліп жатады. Бұндай аюан қақбастарға ештеңе жолмайды, я өкімет, я сот не жазасын бермейді. Құдай жазасын берсін (ашуланып тұрған смайлик)», «Осындай аурулар қаптап кетіпті алла сана берсін», «уф, ұстадыма, басқаға зияны теймей тұрғанда көзін құрту керек, кешірім бермесін» деген пікірлерді жазған. Осы пікір мәтіндеріне лингвистикалық талдау жасасақ, мына мәселелерді анық аңғарамыз: 1) орфографиялық норма сақтала бермейді, оны мына мысалдар дәлелдейді: балдар, жас бадар, ештеңе жолмайды, зияны теймей; 2) түбірге қосымша жалғауда қажетті дәнекер әріптерді жазбау ұшырасады: лифткеде (дұрысы, лифтіге де), лифттен (дұрысы, лифтіден), лифтке (дұрысы, лифтіге); 3) орфографиялық ереже бойынша дәстүрлі принциппен жазылатын айуан сөзінің аюан болып жазылуы; 4) сұраулық шылаудың түбір сөзбен бірігіп жазылуы: аурума, болдықпа, жоқпа, ұстадыма; 5) тіл шұбарлығы, атап айтқанда, орысша сөздердің араласуы: ужас, женский мужской купе, Теперь требуем женский (детям 2в1) лифт и мужской лифт отдельно, Ато; 6) қыстырма сөздердің, сөйлемдердің арасындағы тыныс белгілерін қоймау ұшырасады: масқара, Алла сақтасын, аурума ужас (тыныс белгісі қойылуы керек), енді лифткеде міне алмайтын болдықпа (тыныс белгісі қойылуы керек), құдай сақтады лифттен аман-есен шыққан қызды ... 7) инверсияланған синтаксистік құрылымдар кездеседі: Құдай сақтады ана әйелді!!! Таза мал екен зой... мына жемтік неме...», «дәлел көрініп тұрған жоқпа. 8) смайликтердің қолданылуы: (бетін басқан смайлик), (ашуланып тұрған смайлик); 9) әріптерді қайталап жазу не тыныс белгісін қайталау арқылы сөз екпінін, дауыс сазын жеткізу: пышағы да ұзығын екен, Құдай сақтады ана әйелді!!!

Келесі ұлын денесімен жауып, құтырған иттің талауынан қорғап жатқан ананың видеосы 1,6 млн қаралым жинап үлгерген. 1543 пікір жинаған видео-постқа 24 500 оқырман лүпіл басқан (<https://www.instagram.com/reel/DG5TpWzN1Gq/?igsh=eGM3ZWRINzZteHg5>). Пікірлердің басым бөлігі «осындай кутырған иттерди козин курту керек барынан жоғы», «мына итті өлтіре салмай ма, осындай иттің иесін жазалау керек», «өздері ит жақсы көреді қасқа ротвеллер деген ит агрессивті ит құтырған болса бітті ештеңеге қарамайды атып тастау керек бітті ит ататын заңды қайта шығару керек», «ит қорғаушылар қайда? Даладағы иттерді ату керек, балдарды мектепке жіберуге қорқамын, мусорды аралаған топ иттер, құлақтарына белгі салып, кастрация жасағаннан не пайда? Сол үшін де асыра алмайсың ба, ит алма. Ит баланы таласа көшеде кімді жазалайды??? Бұрында аулада талай иттерді атып тастайтын еді, ни че сонша ит көктемде қайта шығып жатады...», «осы қаңғыған иттер қанша адамның өміріне қауіп төндіріп тұрсада ешқандай шешім жоқ адамның өмірі құнсыз боп кетті зой» деген пікірлер қалдырған, енді бірі «жанымауу (жылап тұрған смайлик) Алла сақтасын, ешқандай ананың басына салмасын», баланың аяғы шығып жатыр, соны тістейді ма деп жүрегім ұшты ау, құтқарылған видеосын жүктегенде», «жарық өмір сыйлаған, ана жамандыққа қимаған ана» деп, бала үшін жанын құрбан еткен анасының ерлігіне тамсанса, қалған бөлігі «видеоға түсіріп тұрған адамның есі дұрыспа?», «қолындағы тырмамен басынан неге ұрмайды иттің (ашуланып тұрған смайлик) неғылған еркек мынау», «видеоға түсіргенше көмектеспей ма», «Алла не боп жатыр адамдар, қатігез сондай тек қызық керек кейбіреулеріне (жылап тұрған смайлик)», «мына жерде быр еркек жоқ ба или малдар журма», «телефонға түсіріп ұялмай қалай қарап тұр, көмектеспейма» деген пікірлерін қалдырып, видеоға түсірушіге наразылықтарын білдірген.

Аталған екінші посттың пікір мәтіндерінде де бірінші посттағы пікір мәтіндеріндегідей мәселелер қайталанады: 1) орфографиялық норманың сақталмауы: *негылған (не қылған), быр (бір)*; 2) сұраулық шылаудың түбір сөзбен бірігіп жазылуы: *дұрысна?, журма, көмектеспейма*; 3) тіл шұбарлығы, орысша сөздердің араласуы: *ни че, или*; 4) қыстырма сөздердің, шылаулардың, сөйлемдердің арасындағы тыныс белгілерін қоймау ұшырасады: *ұшты ау* (дефис қойылу керек), *өздері ит жақсы көреді қасқа ротвеллер деген ит агрессивті ит құтырған болса бітті ештеңеге қарамайды атып тастау керек бітті ит ататын заңды қайта шығару керек* (тыныс белгілері қойылу керек), *осы қаңғыған иттер қанша адамның өміріне қауіп төндіріп тұрсада ешқандай шешім жоқ адамның өмірі құнсыз боп кетті зой* (тыныс белгілері қойылу керек); 5) инверсияланған синтаксистік құрылымдар кездеседі: *қатігез сондай тек қызық керек кейбіреулеріне, қолындағы тырмамен басынан неге ұрмайды иттің*; 6) смайликтердің көп қолданылуы ұшырасады: *(жылап тұрған смайлик), (ашуланып тұрған смайлик)*; 7) тыныс белгісін қайталау арқылы сөз екпінін, дауыс сазын жеткізу кездеседі: *Ит баланы таласа көшеде кімді жазалайды???*

Осы желідегі келесі талдауға алынып отырған 3-ші бейне-пост оқырмандардың назарын аудартпай қоймады. Алматы аэропортында болған оқиғада белгісіз ер адам аэропорт қызметкерін қорқытып кепілге алған. 1,4 млн қаралым жинаған постқа 1865 оқырман пікір білдірген (https://www.instagram.com/reel/DG4_c1EtECX/?igsh=MTQ4bmN0aGZ0c2JrMg==).

Оқырманның басым бөлігі: «*Бұрын шетелде болыпты деп еститінбіз. Алла сақтасын, «Құдай сақтасын, өмір сүру қорқынышты болып кетті зой, жастарды жас бала дейміз, мынау ақыл тоқтатқан адам, не деген қорқынышты сәт, адам басына салмасын»* деп қорыққандарын алға тартса, енді бірі «*ана қыз өмір бойы ұмытпайтын болды ау бұл күнді*», «*өмірлік травма*», «*ана қыз қатты стресс алды-ау*», «*ана қыздың орнында болсам, ішімнен иманымды үйіре беретін сияқтымынго! Білетін сүрелерімді оқып ойбай*», «*ана қыз қатты стресс алды точно (жылап тұрған смайлик)*», «*онбаған біреудің қаршадай қызына пышақ тақап пидараз. Мына қыздың ағаларының қолына түспе сен жағыңды жаханнамаға қаратады точно*», «*сорлылар әйелге ғана әлі келген. Шамасы келсе еркекке шаппады ма мал! Нағыз хайуан, санасыз. Аямай ата салу керек осындай иттерді*» деген пікірлерін қалдырып, зардап шеккен аэропорт қызметкеріне аяушылық білдірген. «*Полиция кәсіби түрде әрекет еткен жоқ, қарапайым ер адам батылдық танытып қыздың орнына өзі кепіл болды және пышақты өзі суырып алды, халық көріп отыр*», «*Полиция кәсіби түрде деп неге өтірік ақпарат жазасыздар! Бір ер адам зой құтқарып алған, қарапайым азамат құтқарды полиция емес!*», «*Полиция қаяқтың кәсіби тұрғысында жұмыс жасады. Олар просто тек сөзбен құлақтан теуіп тұрды, сол үшін наградтау керек бірақ олда ерлік екен зой (күлген смайлик)*» деген пікір қалдырған үшінші тарап өкілдері зардап шегушіні құтқарған полиция қызметкері емес, қарапайым ер адам екенін айтып әлек.

Осы пікір мәтіндеріне лингвистикалық талдау жасасақ: 1) әдеби норманың сақталмауы, бейәдеби сөздердің кездесуі: *пидараз, хайуан, мал, санасыз, иттер, жағыңды жаханнамаға қаратады, құлақтан теуіп тұрды, онбаған, сорлылар*; 2) орфографиялық норманың сақтала бермеуі: *қаяқтың*; 4) шылаудың түбір сөзбен бірігіп жазылуы: *сияқтымынго (зой)*; 5) орысша сөздердің араласуы: *травма, стресс, точно, просто, наградтау*; 6) қыстырма, шылау сөздердің, сөйлемдердің арасындағы тыныс белгілерін қоймау ұшырасады: *болды ау* (дефис қойылуы керек), *білетін сүрелерімді оқып ойбай* (тыныс белгісі қойылу керек), *сол үшін наградтау керек бірақ олда ерлік екен зой* (тыныс белгісі қойылу керек); 7) инверсияланған синтаксистік құрылымдар кездеседі: *ұмытпайтын болды ау бұл күнді, Аямай ата салу керек осындай иттерді*; 8) смайликтердің қолданылуы жиі ұшырасады: *(күлген смайлик), (жылап тұрған смайлик)*.

Facebook әлеуметтік желісінде фон таңбасына (*обложка*) «Абай болайық» деп жазылған бейне-пост жарияланған (<https://www.facebook.com/share/v/1DWo7DnML3/?mibextid=wwXlfr>). «Жақында Астанада бір сұмдық оқиға болды» деп басталатын посттың қысқаша мазмұны мынадай: Семейдің бір жігіті Астананың қызымен танысады. Екеуі біршама уақыт онлайн сөйлесіп жүреді. Қыз ақша сұрай бастайды, жігіт 50, 70, 100 мың көлемінде ақшалай сыйлық

жасап жүреді, қыздың сұраған соңғы үлгідегі ұялы телефонына дейін алып береді. Кездеседі, қарым-қатынас үйленуге дейін барады. Астанадан арнайы қызы үшін келген жігіт қызын таппай қалады. Жұмыс орнына барып, ақыры іздеп тауып сөйлеседі. Қыз ұнатпайтынын айтып, жігітке аулақ жүруін талап етеді, жігіт ашуға булығып, қызды жарақаттағаны үшін сотталып кеткен екен. Бейне-пост соңында автор жігіттерге соқыр есеп, бақай есепке сеніп, ұлы мұраттарды мақсат етпеңіздер деп өтініш айтады және қарындастарына кім көрінгеннен сыйлық алуды қойыңыздар деп ескертеді. Пікірлердің басым көпшілігі қазір ешкімге сенуге болмайтынын, ұл-қыз өсіріп, осындай мәселелерден қорқатындықтарын жеткізген, болашаққа алаңдаған: «Жастарға сабақ болсын (бас бармағы көтірілген смайлик)», «Қыз-жігіттер, етек-жеңдеріңді жиып, дұрыс өмір сүруге көшейікші! Екі жақ та өз жауапкершілігін білу керек! Не сұмдық мынау!», «Құдай сақтасын, өзіміз де бала өсіріп отырмыз. Ата-анасы қызға да ұлға да дұрыс тәрбие беруіміз керек», «Қазір ешкімге сенуге болмайды. Алаяқ еркек те, әйел де көп», «Қыздардың құлағына алтын сырға», «Қазір ұлдардыңда, қыздардың да тәртібі қиындап барады. Кейбір жастар шектен шығып барады», «Судың да сұрауы бар» дегенді ұмытқан бейбақтар-ай... «Ақша кетті» деп, жем болғанына өкінген бейбақтың ендігі өмірін түрмеде өткізетіні өкінішті. Ар, ұят, иман, әдеп деген ТӘРБИЕ арқылы келеді. «Тәрбие – тал бесіктен басталады» дейміз, бірақ ЖЕЛІ мен ҒАЛАМТОР дегеннің пайдасынан зардабы көп болып барады. Қайтпек керек?!». Қалған пікірлер екіге бөлінген, бірінші тарап, қызды да жауапқа тарту керек деп санаса: «Негізі қыздікі де дұрыс емес. Бағалы сыйлық пен ақшасын алып, «Мен сені ұнатпай қалдым» дегеніне қарағанда әу баста пайдалану болған ғой мақсаты», Еркектен ақша сұрау ұят деген түсінік жоқ қазір шамасы, Қызда арамза екен. Жігітте неғып сонша бейтаныс сырын жақсы білмейтін қызға шашылып сұрағанын бере берді екен!, Сұмдық! (бетін басқан смайлик) Қыз оңбаған екен», «Алаяқ қыздар көп қазір!», «Қыз дұрыс адам емес», «Бізде оқиганың салдары ғана сотталады, ал себебі ақталып шығады. Негізі себеп те жауап беру керек. Біздің заңның әлсіз жері де – осы»; екінші тарап жігіттің іс-әрекетін сынаған: «Өзімен бәкі алып жүрген жігіт, жүрмеймін дегені үшін қызды пышақтаған жігіт – қылмыскер. Қалған әңгіме – далбаса», «Жігіт ақымақ, басын істету керек қой. Көрмей кездеспей сыйлық алып беріп», «Алмақтың да салмағы бар деген. Обал болған жігітке». Мәтіндерді талдау барысында смайликтердің көп қолданылмағандығы байқалды, яғни пікір берушілер ешқандай эмоция білдіретін эмодзилер қолданбай, өз ойларын мәтін түрінде білдірген. «Судың да сұрауы бар», «Тәрбие – тал бесіктен басталады» деген секілді мәтелдерді қолданған. Сонымен қатар кей сөздерді ерекшелеп (бас әріптермен жазу) көрсеткен: ТӘРБИЕ, ЖЕЛІ, ҒАЛАМТОР. Бұл – назар аудартудың, сол сөзге нақты фокус қоюдың бір жолы.

Келесі бейне-пост «Атырауда автобуста орын бермеген студент қызды әйел шашыннан жұлып, тырнап тастады» деген атаумен бейнежазба түрінде жарияланған (<https://www.facebook.com/share/r/18J2znpqQn/?mibextid=wwXlfr>). Пікірлердің бір бөлігі орын бермеген қызға кінә тақса: «Қазіргі жастарда сыйластық нөл», «Дұрыс болған тәрбиесіз мәңгүртке», «Дұрыс жасады. Үлкен кісіге орын беру керек. Тәрбиесіз қыз», «жастар орын беру керек, бедірейіп отырып алмай», «Үйде алмаған тәрбиені автобуста алды»; қалған бөлігі орын бермегендігі үшін шашын тартқан әйелдің іс-әрекетін сынға алған: «Анаға не болған, отырғысы келсе таксимен жүрсін, жас қызға неге ұрады, жастардың жаны жоқпа??», «Әйелдікі ұят болды. Жастар кінәлі емес соған үлгі көрсетіп тәрбие беретін жасы үлкендер кінәлі. Не ексең соны орасың демей ме», «Қалғаны не қарап тұр? Шашын жұлып жатқан қатынды түйгіштеп, далаға лақтыратын кісі табылмады ма?», «Орын беруге міндетті емес», Мына әйелді тауып алып қатаң заң жүзінде жазалау керек, неге жас қыздың шашынан жұлып, ұрады. Олай жасауға құқығы жоқ», «Ұру тұрмақ тіл тигізуге қақы жоқ, ол әйел жағымен жауап беру керек. Орын беруге мүмкіндік болмаған шығар», «Орын бермесе шашын жұлама. Ұятай біреудің қызында несі бар».

Осы пікір мәтіндеріне лингвистикалық талдау жасасақ, мына мәселелерді анық аңғарамыз: 1) орфографиялық норма сақтала бермейді, оны мына мысалдар дәлелдейді: қызға, 2) инверсияланған синтаксистік құрылымдар кездеседі: «жастар орын беру керек, бедірейіп отырып алмай», «Дұрыс болған тәрбиесіз мәңгүртке»; 3) сұраулық шылаудың түбір сөзбен

бірігіп жазылуы, тыныс белгісінің қойылмауы: *жұлама* (жұла ма?), *жоқпа* (жоқ па?), *Ұятай* (ұят-ай); 4) қате қолданыстардың кездесуі: *қақы жоқ* (қақысы), *жағымен жауап беру* (басымен жауап беру). Сонымен қатар басқа мәтіндермен салыстырғанда орысша сөздер мүлде қолданылмаған және ешбір эмоция білдіретін эмодзилердің пайдаланбағандығы анықталды.

Threads әлеуметтік желісінде «не сухур, а СӨРЕСІ, не ифтар, а АУЫЗАШАР. Мы не арабстан, а ҚАЗАҚСТАН!!!» деген пост жарияланған (https://www.threads.com/@sayazhan.realtor/post/DVJDO4iCEUL?xmt=AQF05Yi3gU_H3kUu9as38RqDCBLfFeMED__tEqPKjPXs5tGFOL4MQUYWvfORXmH6b5mR4Sd&source_surface=35&slf=

Аталған постқа 1100 пікір білдірілген. Пікірлер үш тарапқа бөлінген: бірі – араб тілінде емес, қазақ тілінде қолданысқа енуін дұрыс санап, постты қолдаса: *«исраф емес, ЫСЫРАП! Акви емес, БАУЫРЫМ»*, *«идея на СУХУР деген рецепт көрсем қаным қарайып кетеді»*, *«Ма ша Алла, девушка, жақсы айттың»*; енді бірі – Құран араб тілінде жазылғандығын алға тартып, сол тілде қалуын қолдайды: *«араб тілі Алланың таңдаған тілі. Құран кітап – араб тілінде! Сондықтан әркім өзі біледі қалай атасада!»*, *«кім қалай айтқысы келеді солай айтат неге сол үшін мозга тонкайта бересіңдер»*, *«Жалпы түркі тілдерінің сөздік қорының жартысынан көбі араб және парсы сөздерінен құралады, қарапайым мұғалім, кітап, қалам, т.б. сөздер араб тілінен келген кірме сөздер, ислам арабтардан келген, дінге қатысты сөздерді арабша айту бұл норма!»*; қалған үшінші тарап қазақша сөйлеу керектігін айтып, пост мәтінінің авторына тиіскен: *«Сол себеппен С. (автордың аты) осыған дейінгі бүткіл бұтақтарын орыс тілінде жазды. Казахстан секілдіғой осыған қарағанда. Показуха дейма бұндайды?»*, *«Жазғандарың орысша, біз орыстан емеспіз, Қазақстанбыз»*, *«қазақша сөйле мал»*, *«онда толығымен қазақша жазсаңызшы, біз Россиястан емеспіз ғой»*, *«Мықты болсаң қазақша айтпайсың ба орыстан»*), *«мен көрген контентіңіздің 100-ы орысша, қазаққұл болсаңызшы»*, *«Ей, мәңгүрт қазақша жаз!»*. Осы пікір мәтіндерінде де жоғарыдағы мәтіндер секілді мәселелер қайталанады: 1) орфографиялық норманың сақтала бермеуі: *бүткіл* (бүкіл), *солай айтат* (айтады); 2) шылаудың түбір сөзбен бірігіп жазылуы: *атасада* (атаса да), *дейма* (дей ме); *секілдіғой* (секілді ғой); 3) орысша сөздердің араласуы: *девушка, показуха, норма*; 4) әдеби норманың сақталмауы, бейәдеби сөздердің кездесуі: *мозга тонкайта бересіңдер, мал, мәңгүрт, Россиястан, орыстан, қазаққұл*.

Келесі пост мәтіні: *«Күйеуіңізді қалай сақтап қойдыңыздар, қыздар? Мен осылай»* депті де, *«Қымбаттым»* деп сақтаған скриншотын көрсеткен. Постқа жиналған пікірлер екіге бөлінген: бір бөлігі – *«Хан ием датым бар»*, *«негізі нерв деп сақтағанмын ғой (күлген смайлик) қазір қарасам өзі өзгертіп тастапты»*, *«сенімді серіктесім»*, *«киюм»*, *«мой фанат»*, *«тегін бай тегін такси»*, *«Менде Қажекем (қағбаның эмодзи), мен ол кісінде Қатыным (жүрек эмодзи) деп тұр»*, *«менде муж деп тұр, ол үйдегі қатын деп қойған (көзін алартып тұрған смайлик) ауыстырып қойсам таппай қаламын деп ашуланады (тырқылдап күліп тұрған смайлик)»*, *«от аға (оттың эмодзи)»*, *«мендеде үйленгелі қымбаттым деп тұр телефонда аллах қаласа отау құрғанымызға 5жыл болады»*, *«Дәу Көт»*, *«нөл бүтін оннан бесім (0,5-ім (жүрек эмодзи)»*, *«екі нөмірі бар. Бірін тақсыр, екіншісін қасқыр деп (күлген смайлик) деген жауаптар қалдырып, күйеулерін қалай атайтындарын бөліскен. Енді бірі – «Бұндай қазір кринж деп аталады (тілін шығарып тұрған смайлик), «Піффффф, азан шақырып қойған аты бар, сонысымен тұр да»*, *Ержан (күлген смайлик), олда мені официально атыммен сақтап қойған, нифига себе ханием, жүрегім деп сақтай алмайды екенмін»*, *мыналарды менің жгітім көрмесін»*, *«өз есімі жазылып тұр, егер жаным деп сақтаған күні ұрысамыз, қайта есімін жазсам норм жүреміз»*, *«Жұмағым, жан, жарым, миллионерім т.б. ұнамайды осындай сөздер»*, *жұмағым тақсырым патшам деген не сөз ол (құсқысы келіп тұрған смайлик) е мое»*, *«қашаннан бері ер адамға қымбаттым деп айтылатын болған»*, *«қымбаттым деп әйелге айтылған сияқты естіледі»*, *«Біздікі атымен. Муж пуж жәннатым деп маска кие алмаймыз»* деген пікірлер жазып, өз атымен атайтындарын жеткізген. Бұл мәтіндер де: 1) орысша сөздердің араласуы: *муж, официально, нерв, норм*; 2) сөйлемдердің арасындағы тыныс белгілерін қоймау: *тегін бай тегін такси, үйленгелі қымбаттым деп тұр телефонда аллах қаласа отау құрғанымызға 5жыл болады, т.б.*; 3) Көнерген сөздерді қолдану: *«Хан ием датым бар»*, *тақсыр, патшам*; 4) әдеби норманың

сақталмауы, бейәдеби, жаргон сөздердің кездесуі: «*Дәу Көт*», *нифига себе, е мое, кринж*; 5) одағай сөздердің ұшырасуы: *Пиффффф* (сөзді созу арқылы интонациялық реңк қосқан); 6) орфографиялық норманың сақталмауы: «*киюм*» (*күйеуім*) кездеседі.

Бұл талдаулар көрсеткендей, цифрлық дискурс қатысушыларының дәстүрлі орфографиялық нормадан ауытқып жазуы мен инверсиялар бұл кеңістікте ауызша және жазбаша сөйлеу стилінің араласқан сипатын танытады, әрі бұл сипат жазба иелерінің интернет кеңістіктегі анонимділігі мен тілді жұмсауда өз басына жауапкершілік алмауынан туындаған деп ойлаймыз, өзге жазбаларды талдаудан да аңғарғанымыздай, цифрлық дискурс мәтіндерінің мұндай сипаты дәстүрлі тіл мәдениетіне қайшы келгенімен, интернет кеңістігінде нормаға айналғаны байқалады. Цифрлық дискурста интернет кеңістігіндегі, біздің жағдайымызда Instagram, Facebook, Threads платформасындағы жазбалар дәстүрлі тіл мәдениетіне кері әсерін де тигізеді.

Талданған пікір-мәтіндердің лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін жинақтап берейік:

1. Әлеуметтік желіні пайдаланушы цифрлық дискурста өз эмоциясын ашық білдіреді, мұны әсіресе көңіл күйді білдіретін смайликтер (эмодзи) көмегімен толықтырады (жылап тұрған, ашуланып тұрған, күлген смайликтер).

2. Сөздерді созу арқылы интонациялық реңк қосады. Мәселен жоғарыдағы мысалдардағы «*ужаааас*», «*пышағы да ұзығын екен*», «*жанымаууу*» т.б.

3. Тіл шұбарлануы көп кездеседі, бұл да өз ойын толық жеткізу мақсатында қолданылса керек: «*женский мужской купе деген шықты поездарда. Теперь требуем женский (детям 2в1) лифт и мужской лифт отдельно, осыдан былай құрылысшылар соны ескеріп үй салса екен деймін. Ато бұл болмайды екен балаларымыз тұрмақ өзіміз лифтке кіруден қорқып қалдық*».

4. Инверсия құбылысының орын алуы: *құдай сақтады лифтен аман-есен шыққан қызды*», «*қолындағы тырмамен басынан неге ұрмайды иттің...*» және т.б.

5. Сөздердің ықшамдалып, қысқартылып қолданылуы көрінеді: «*Полиция қаяқтың кәсіби тұрғысында жұмыс жасады...*» (қаяқ – қай жақ), «*ана қыздың орнында болсам, ішімнен иманымды үйіре беретін сияқтымынго!...*» (сияқтымын ғой).

6. Дисфемизм сөздер кездеседі: «*маскара, Алла сақтасын, аурума ужас енді лифткеде міне алмайтын болдықпа*», «*Осындай аурулар қаптап кетіпті алла сана берсін*», «*Аямай ата салу керек осындай иттерді*» т.б.

7. Әдеби нормаға жатпайтын, бейәдеби сөздер көп қолданылады: «*Аюан*» (айуан), «*қақбас*», «*пидараз*», «*нағыз хайуан, санасыз*», «*сорлылар әйелге ғана әлі келген*», «*мына жерде быр еркек жок ба или малдар журма*», «*Таза мал екен ғой... мына жемтік неме...*» т.б.

Қорытынды

Заман ағымына сай, цифрлық дискурстың дамуы болашақта да жалғасады. Жаңа үрдіс ретінде жасанды интеллектінің дамуымен тілдік қарым-қатынастың жаңа формалары пайда болады. Мысалы, чат-боттар мен виртуалды ассистенттер цифрлық дискурстың тиімділігін арттыра алады. Сонымен қатар виртуалды шындық технологиялары интернеттің көмегімен жүзеге асатын дискурсты жаңа деңгейге көтереді. Пайдаланушылар виртуалды кеңістікте бір-бірімен өзара әрекеттесіп, жаңа тәжірибе алады. Сондай-ақ болашақта ақпараттық сауаттылықты арттыруға арналған бастамалар мен бағдарламалар көбейеді. Бұл қоғамның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Цифрлық коммуникацияның тілдік сипатына сай интернет-дискурс мәнмәтінінде бірнеше аспектілер қамтылды. Біріншіден, интернеттегі цифрлық дискурстың дамуы жаңа тілдік бірліктердің пайда болуына ықпал етті. Мысалы, әлеуметтік желілерде қолданылатын тілдік қолданыстар, қысқарған сөздер, аббревиатуралар, хэштегтер мен эмодзилер – бұлар коммуникацияның жылдамдығын арттыру үшін қолданылады. Бұл «тілдің жаңа эволюциясын» тудырады. Екіншіден, цифрлық дискурс тілдік қарым-қатынастың жаңа жанрларын туғызады. Мысалы, блогтар, подкасттар және мемдер – бұлардың барлығы дәстүрлі тілдік жанрлардың шекарасын кеңейтті. Үшіншіден, жаңа коммуникациялық стильді тудырды. Цифрлық дискурс, көбінесе, бейресми тілдік стильде жүзеге асырылады. Бұл стильдің ерекшеліктері – қысқа,

түсінікті сөйлемдер, эмоцияның басым болуы, юмор, тіпті агрессия. Мұндай стильдің пайда болуы аудиторияның назарын аудару қажеттілігімен байланысты.

Болашақ зерттеулер дискурстық үдерістердің когнитивтік және цифрлық негіздерін тереңірек қарастырып, олардың сөйлеу әрекетіне әсерін зерделеуі қажет.

Қорыта айтқанда, біздің «цифрлық дискурс – қоғамдағы тілдік қарым-қатынастың ерекше сипаттағы жаңа формасын танытатын дискурстық кеңістік, оның өзіне тән тілдік құрылымы бар, ол дәстүрлі тілдік нормаға әсер етіп, тіл дамуының жаңа бағытын қалыптастырып жатыр» деген болжамымыз зерттеу нәтижелерімен расталды. Атап айтқанда:

1. Интернет кеңістігінде орындалатын дискурс цифрлық дискурсқа жатқызылады, оның өзіне тән тілдік ерекшеліктері бар. Ол тілдік ерекшеліктер цифрлық дискурс қолданушыларының ойлау ерекшеліктерін де танытады, әрі содан туындайды. Цифрлық дискурстың тілдік сипатын әлеуметтік желі материалдары негізінде талдауымыз аталған дискурсты жиі қолданушылардың аналитикалық ойлау стилі, сол ойды жеткізуде тілді қолдану мен қарым-қатынас мәдениеті өзгеріске ұшырап жатқанын айқын танытты. Цифрлық дискурс мәтіндерін талдау нәтижелері қолданушылардың аналитикалық ойлауының, соған сай тілді цифрлық кеңістікте әдеби тіл нормасына сай қолданудың да әлсірегенін аңғартты. Оны талдау нысанымызға алған пост пен оған жазылған комментарийлердің басым бөлігінің дәлелдемесіз жазылуы, жазылған мәтіндердегі нормадан ауытқып қолданылған бірліктердің молдығы дәлелдейді. Біздіңше, цифрлық дискурс эмоционалды ойлауға жетелейді. Бұл мәселе талданған үш платформада айқын көрінеді. Коммуниканттардың қолданған тілдік бірліктерінен барлық талданған пікір мәтіндерінің 80 пайызында эмоционалды ойлау, ал 20 пайызында рационалды ойлау көрінді. Эмоционалды ой иелері өз қолданыстарында эмоциялы, экспрессивті (нормаға сай келетінін де, бейәдебиін де) сөздерді, эмподзилерді кеңінен қолданса, өз пікірлерін ақыл таразысына салып пайдаланушылар өз дәлелдемелерін ұсынуға қыстырма сөздерді кеңінен қолданған: *менің ойымша, меніңше*, т.б.; ойларын санамалап жеткізуге тырысқан: *біріншіден, екіншіден*; өз дәлелдемелерінде себеп-салдарлық қатынас көрініс тапқандары да кездесті: *мен бұлай ойлаймын, оны дәлелдейді, айқындап тұр* т.с.с.

2. Әлеуметтік желілерде адамдар бірін-бірі жақын танымай-ақ араласады, сондықтан ойына келген пікірін таразыламай жаза беру ықтималдығы жоғары, цифрлық дискурстың тілдік ерекшелігін туғызатын себептің бірі де осымен байланысты (танымайтындықтан да, тілді жауапсыз қолданады). Өзара таныс адамдар мен бетпе-бет кездеспеген адамдарға жазған пікірлерде айырмашылық байқалады. Бұл мәселе Дуа А. Эльхия зерттеуінде де көрсетілген, оның айтуынша, адамдар тілдік нұсқаларды әр контексте әртүрлі қолданады. Қоғамдық орындарда, мысалы, жұмыста немесе оқу барысында, адамдар кәсібилігін немесе құзыреттілігін көрсету үшін тілдің стандартты немесе ресми нұсқасын қолдануы мүмкін. Ал неғұрлым жақын, мысалы, отбасының жақын мүшелерімен немесе достарымен қарым-қатынаста, олар таныстық пен жақындықты білдіру үшін сөйлеу тіліне тән немесе бейресми нұсқаны таңдауы ықтимал (Elhija, 2023).

3. Цифрлық дискурс – дискурстың жеке түрі, оның өнімі – цифрлық мәтін. Цифрлық мәтіндерді талдау барысында цифрлық сауаттылық, цифрлық құзыреттілік мәселелері алға шығады. Вэйхуа Ван цифрлық сауаттылық пен цифрлық құзыреттілік өзара байланысты, бірақ мағыналық екпіндері әртүрлі екі ұғым екенін көрсетеді: «Цифрлық сауаттылық адамның цифрлық ақпаратты түсіну, пайдалану және бағалау қабілетін айқындайды. Ол бағдарламалық қамтамасыз етуді және қосымшаларды қолдану сияқты негізгі техникалық әрекеттерді, сондай-ақ цифрлық ақпаратты талдау мен бағалауды қамтиды» (Вэйхуа Ван, 2024). Цифрлық дискурсты дискурстың жеке түрі ретінде қарастыру цифрлық мәтіндегі ақпаратты түсіну, пайдалану, бағалаудың тілдік таңбалануын талдаумен сабақтасады. Цифрлық сауаттылық пен цифрлық құзыреттілік мәселелерін тілтанымдық аспектіде қарау қажеттігі де дау туғызбайды.

4. Цифрлық дискурстың өзіндік ерекшеліктерін былай жинақтап ұсынуға болады: а) цифрлық дискурс – уақыт пен кеңістікке тәуелсіз, ақпарат жылдам әрі тез таралатын интернеттегі қарым-қатынас; ә) цифрлық дискурс өнімі тек ауызша не жазбаша мәтіннен ғана тұрмайды, оның құрылымына эмодзи, бейне, GIF, стикерлер, мемдер енеді; б) қолданушылардың

жас ерекшеліктеріне, әлеуметтік деңгейлеріне, кәсібіне сай цифрлық дискурс мәтіндерінің тілдік сипаты ерекшеленеді; в) әлеуметтік желілердің мәтіндерінің тілдік сипаты да бір-бірінен ерекшеленеді (талдау бөлімінде келтірілгендей, Instagramда эмодзилер мен GIF файлдары кеңірек қолданыс тапса, Facebook, Threads-те бұл символдар қолданысы инстаграммен салыстырғанда жиі қолданылмайтындығы байқалады).

5. Интернет кеңістігіндегі қарым-қатынаста цифрлық құралдарды шамадан тыс пайдалану дәстүрлі тіл дағдыларын әлсірету мүмкіндігін арттырып отыр, әрі рационалды ойлаудан эмоционалды ойлауға көшу айқын аңғарылады.

Осы зерттеу нәтижелері қазақ тілін меңгеру әдістемесін дамытуда, сондай-ақ агрессия, кибербуллинг секілді қоғамдық ықпал ету амалдары сөйлеу кезіндегі қателерді түзетуде, цифрлық дискурстың коммуникативтік-прагматикалық тәсілдерімен үйлесімді түрде қолданылуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар тілдік әрекеттің когнитивтік және дискурстық аспектілерін тереңірек түсінуге ықпал етеді. Қазақ тіл білімінде цифрлық дискурсқа қатысты зерттеулер жоқтың қасы. Сондықтан цифрлық мәтіндерді талдаудағы аталған зерттеу түрі мен зерттеу нәтижелері болашақта тіл меңгерудің, сөйлеу әрекетін қалыптастырудың, дискурстық құрылымдарды талдаудың жаңа әдістерін ұсынуға әсер етеді. Зерттеу үшін жиналған деректер тек цифрлық мәтінмен шектелді, бұл аралас сөйлеу тілінің (ауызша не жазбаша) интернет кеңістігінде қолданылу ерекшеліктерін толықтай көрсете алмауы мүмкін, бірақ нәтижелер әлеуметтік желідегі пікір мәтіндерінің нақты тілдік белгілерін (эмодзи, созылым, қысқарту, тіл шұбарлануы, инверсия, дисфемизм, бейәдеби лексика) жүйелеп көрсеткендіктен, практикалық тұрғыдан құнды. Қол жеткізген нәтижелерді цифрлық ортадағы мәтіндерді талдау, модерация өлшемдерін нақтылау, тілдік нормаға қатысты мониторинг жүргізу барысында қолдануға болады.

Түйіндей келе айтарымыз, цифрлық дискурстың тілдік сипатына тән өзіндік ерекшеліктері бар. Цифрлық дискурс мүмкіндіктерін тиімді пайдалану үшін ақпараттық сауаттылықты арттыру, сын тұрғысынан ойлауды дамыту және кибербуллинг сияқты теріс құбылыстармен күресуге назар аудару қажет және бұл айтылғандардың цифрлық дискурс өнімі – цифрлық мәтінде таңбалануын лингвистикалық тұрғыдан зерттеу қазақ тіл білімінің жаңа нысанының бірі деп санауға болады.

Әдебиеттер

- Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. – Алматы: Зият-Пресс, 2007. – 244 б.
- Баркович А.А. Интернет-дискурс: компьютерно-опосредованная связь: учеб. Интернет-дискурс: компьютерная коммуникация: учебник. – Москва: Флинта: Наука, 2015. – 288 с.
- Бекетова А.А. Системообразующие признаки интернет-дискурса и ценностная картина мира // Вестник АГУ. – 2017. – Вып. 2 (197). – С. 32-37.
- Бүркітбаева Г.Г. Искерлік дискурс. Онтология және жанр. – Алматы: Ғылым, 2005. – 232 б.
- Галичкина Е.Н. Специфика компьютерного дискурса на английском и русском языках (на материале жанра компьютерных конференций): дис. ... канд. филол. наук. – Астрахань, 2001. – 212 с.
- Кеншинбаева Ж. Қазақ мәтінінің семантика-интонациялық мүшеленуі (эксперименттік-фонетикалық зерттеу): филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2005. – 27 б.
- Кибрик А.А. Дискурс и возникновение функционализма. / А.А. Кибрик, В.А. Плуныян // Современное американское языкознание: Фундаментальные направления. – Москва: Эдиториал УРСС, 2002. – С. 307-309.
- Қазақ тілінің кірме сөздігі. / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.
- Қалиев Б. Дискурс және оның тілдік бірлігі // «Дискурс теориясының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми конференция. 27-28 мамыр, 2011. – 1-том. – Ақтөбе, 2011. – 8-14-бб.
- Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы <https://www.gov.kz/situations/316/810> (интернет ресурс)
- Ожегов С.И. Словарь русского языка. – Москва: Русский язык, 1987. – 750 с.
- Ошанова О., Қалибекұлы Д., Елешева А. Сандық коммуникациядағы өшпенділік және құқықтық реттеу // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Хабаршысы. Журналистика сериясы, 2023. – 144 т. – П. 3. – 27-39-бб. <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2023-144-3-27-39>
- Саяси түсіндірме сөздік. – Астана: Жүйелі зерттеулер институты, 2007. – 616 б.
- Серікбаева А. Виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпалар: кодификациялау және лексикографиялау: PhD, филос. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2025. – 137 б.

- Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2007. – 49 б.
- Уоллейс П. Интернет психологиясы: ғылыми басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 392 б.
- Фазылжанова А., Аушенова А. Әлеуметтік желі пайдаланушыларының классификациясы // Научный журнал Павлодарского государственного университета имени С. Торайғырова. – Павлодар, 2017. – С. 466-473.
- Щипицина Л.Ю. Понятие текста компьютерно-опосредованной коммуникации // Вестник Вятского государственного гуманитарного университета, 2009. 4-2. – С. 54-60.
- Defleur, M.L., Ball-Rokeach, S.J. Theories of Mass Communication. New York-London: Longman, 1989. 368 p.
- Elhija, D. Code Switching in Digital Communication // Open Journal of Modern Linguistics, 2023. 13. P. 355-372. <https://www.scirp.org/journal/ojml>
- Grunig, J.E., Hunt, T. Public Relations (6th ed.) Orlando, FL: Harcourt Brace Jovanovich, 1984. 550 p.
- Heim, M. Virtual Realism. New York: Oxford Un. Press, 1997. 238 p.
- Khin, S., Ho, T.C.F. Digital technology, digital capability and organizational performance: A mediating role of digital innovation. International Journal of Innovation Science, 2019. 11(2). Pp. 177-195. <https://doi.org/10.1108/IJIS-08-2018-0083>
- Longstreet, P., Brooks, S. Life satisfaction: A key to managing internet & social media addiction. Technology in Society, 2017. 50. Pp. 73-77. <https://doi.org/10.1016/j.techsoc.2017.05.003>
- Weihua, Wang Research on Teachers' Digital Competence in STEM of Higher Education in the Context of Digital Transformation. Open Journal of Social Sciences, 2024. 12. Pp. 207-215. <https://www.scirp.org/journal/jss>

References

- Alkebaeva, D. (2007) Qazaq tilining pragmatistikasy. Almaty: Zijat-Press. 244 b. [Alkebayeva, D. (2007) Pragmatics of the Kazakh language. Almaty: Intellect-Press. 244 p.] (in Kazakh)
- Barkovich, A.A. (2015) Internet-diskurs: kompjuterno-oposredovannaja kommunikacija: ucheb. posobie. Moskva: Flinta, Nauka. 288 s. [Barkovich, A.A. (2015) Internet discourse: computer-mediated communication: textbook. Moscow: Flinta, Nauka. 288 p.] (in Russian)
- Beketova, A.A. (2017) Sistema obrazujushhie priznaki internet-diskursa i cennostnaja kartina mira. Vestnik AGU. Vyp. 2 (197). S. 32-37. [Beketova, A.A. (2017) System-forming features of the Internet discourse and the world's value picture. Bulletin of ASU. Issue 2 (197). Pp. 32-37.] (in Russian)
- Burkitbaeva, G.G. (2005) Iskerlik diskurs. Ontologija zhane zhanr. Almaty: Gylym. 232 b. [Burkitbayeva, G.G. (2005) Business discourse. Ontology and genre. Almaty: Gylym. 232 p.] (in Kazakh)
- Defleur, M.L., Ball-Rokeach, S.J. (1989) Theories of Mass Communication. New York-London: Longman. 368 p. (in English)
- Elhija, D. (2023) Code Switching in Digital Communication. Open Journal of Modern Linguistics. 13. Pp. 355-372. <https://www.scirp.org/journal/ojml> (in English)
- Fazylzhanova, A., Aushenova, A. (2017) Aleumettik zheli paidalanushylarynyng klassifikacijasy. Nauchnyj zhurnal Pavlodarskogo gosudarstvennogo universiteta imeni S. Torajgyrova. Pavlodar. S. 466-473. [Fazylzhanova, A., Aushenova, A. (2017) Classification of social network users. Scientific journal Pavlodar State University named after S.Toraigyrov. Pavlodar. Pp. 466-473.] (in Kazakh)
- Galichkina, E.N. (2001) Specifika kompjuternogo diskursa na anglijskom i ruskom jazykah (na materiale zhanra kompjuternyh konferencij): dis. ... kand. filol. nauk. Astrahan. 212 s. [Galichkina, E.N. (2001) The specifics of computer discourse in English and Russian languages (on the material of the genre of computer conferences): dissertation. ... cand. philol. science. Astrakhan. 212 p.] (in Russian)
- Grunig, J.E.; Hunt, T. (1984) Public Relations (6th ed.), Orlando: FL, Harcourt Brace Jovanovich. 550 p. (in English)
- Heim, M. (1997) Virtual Realism. New York: Oxford Un. Press. 238 p. (in English)
- Kenshinbaeva, Zh. (2005) Qazaq matining semantika-intonacijalyq mushelenui (jeksperttik-fonetikalıq zertteu): filol. gylymd. kand. ... avtoref. Almaty. 27 b. [Kenshinbayeva, Zh. (2005) Semantic-intonational division of the Kazakh text (experimental-phonetic research): philological. science. cand. ... autoref. Almaty. 27 p.] (in Kazakh)
- Khin, S., Ho, T.C.F. (2019) Digital technology, digital capability and organizational performance: A mediating role of digital innovation. International Journal of Innovation Science. 11(2). Pp. 177-195. <https://doi.org/10.1108/IJIS-08-2018-0083> (in English)
- Kibrik, A.A. (2002) Diskurs i voznikovenie funkcionalizma. / A.A. Kibrik, V.A. Plungjan. Sovremennoe amerikanskoe jazykoznanie: fundamentalnye napravlenija. Moskva: Editorial URSS. S. 307-309. [Kibrik, A.A. (2002) Discourse and the emergence of functionalism. / A.A. Kibrik, V.A. Plungjan. Modern American linguistics: Fundamental directions. M., Editorial URSS. P. 307-309.] (in Russian)
- Longstreet, P., Brooks, S. (2017) Life satisfaction: A key to managing internet & social media addiction. Technology in Society. 50. Pp. 73-77. <https://doi.org/10.1016/j.techsoc.2017.05.003> (in English)
- Memleketik organdardıng internet-resurstarynyng biringgaj platformasy. (internet resurs) [Unified platform of internet resources of state bodies] <https://www.gov.kz/situations/316/810> (internet resurs) (in Kazakh)
- Oshanova, O., Qalibekuly, D., Elesheva, A. (2023) Sandyq kommunikacijadagy oshpendilik zhane quyqytyq retteu. L.N. Gumilev atyndagy Eurazija ultıtyq universiteti habarshysy. Zhurnalıstika serijasy. 144 t. P. 3. 27-39-bb. [Oshanova, O., Kalibekuly, D., Yelesheva, A. (2023) Hate speech and legal regulation in digital communication. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism Series. Vol. 144. P. 3. Pp. 27-39.] <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2023-144-3->

27-39 (in Kazakh)

Ozhegov, S.I. (1987) Slovar` russkogo jazyka. Moskva: Russkij jazyk. 750 s. [Ozhegov, S.I. (1987) Dictionary of Russian language. Moscow: Russkiy yazyk. 750 p.] (in Russian)

Qaliev, B. (2011) Diskurs zhane onyng tildik birliги. “Diskurs teorijasynyng ozekti maseleleri” atty halyqaralyq gylymi konferenciya. 27-28 мамыр. 1-tom. Aqtobe. 8-14-bb. [Kaliyev, B. (2011) Discourse and its linguistic unity. International scientific conference “Actual problems of discourse theory”. May 27-28. Vol. 1. Aktobe. Pp. 8-14.] (in Kazakh)

Qazaq tilining kirme sozdigi (2019) Qurastyrgandar: Sh. Qurmanbajuly, S. Isaqova, B. Mizamhan zhane t.b. Almaty: “Ulttyq audarma bjurosy” qogamdyq qory. 596 b. [Dictionary of the Kazakh language (2019) Compiled by: Sh. Kurmanbayuly, S. Issakova, B. Mizamkhan and others. Almaty: Public fund “National Translation Bureau”. 596 p.] (in Kazakh)

Sajasi tusindirme sozdik. (2007) Astana: Zhujeli zertteuler instituty. 616 b. [Political Explanatory Dictionary. (2007) Astana: Institute for systematic research. 616 p.] (in Kazakh)

Serikbaeva, A. (2025) Virtualdy kommunikacijadagy tildik zhangartpalar: kodifikacijalau zhane leksikografijalau: PhD. dok. ... diss. Almaty. 137 b. [Serikbayeva, A. (2025) Language updates in virtual communication: codification and lexicography: Dissertation prepared for the degree of PhD. Almaty. 137 p.] (in Kazakh)

Shhipitsina, L.Yu. (2009) Ponjatie teksta kompjuterno-oposredovannoj kommunikacii. Vestnik Vjatskogo gosudaurstvennogo gumanitarnogo universiteta. 4-2. S. 54-60. [Shchipitsina, L.Y. (2009) The concept of the text of computer-mediated communication. Bulletin of the Vyatka State University for the Humanities. 4-2. Pp. 54-60.] (in Russian)

Uali, N. (2007) Qazaq soz madenietining teorijalyq negizderi: filol. gyl. dokt. ... avtoref. Almaty. 49 b. [Uali, N. (2007) Theoretical foundations of Kazakh speech culture: Abstract of the diss. prep. for the degree of Doctor of Philol. Sciences. Almaty. 49 p.] (in Kazakh)

Uollejs, P. (2019) Internet psihologijasy: gylymi basylym. Almaty: Ulttyq audarma bjurosy. 392 b. [Wallace, P. (2019) The Psychology of the Internet: scientific publication. Almaty: National Translation Bureau. 392 p.] (in Kazakh)

Weihua, Wang (2024) Research on Teachers’ Digital Competence in STEM of Higher Education in the Context of Digital Transformation. Open Journal of Social Sciences. 12. Pp. 207-215. <https://www.scirp.org/journal/jss> (in English)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 11.08.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 28.03.2026.

© Тәшпеннова Қ.Е., Садирова К.Қ., 2026

